**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 19-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
Балалардың жасы: 3,4.
Жоспардың құрылу кезеңі 06.01 -10.01.2025

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е.
Калиакпарова Б.Р.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 06.01.2025 | Сейсенбі | Сәрсенбі 08.01.2025 | Бейсенбі 09.01.2025 | Жұма 10.01.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары,қысқы ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Ата-аналар мен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер.**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>«Қайырлы таң»<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, бала-бақшам<br>**Әңгімелесу:**«Қыс қызығы» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)<br>**Міндеті:** Балалардың ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге, әңгіме құрастыруға, заттың түр — түсін және де басқа ерекшеліктерін айта білуге үйрету.<br>**Сөздік қоры:** қыс<br>**Апталық тақпақ:** (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Қар жауғанда топ бала,<br>Соқтық келіп аққала.<br>Мұрны сәбіз,үп-үшкір, | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көзі көмір қап-қара.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 20. Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | **“Аққала” дид. ойыны.**<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді.<br>(құрастыру-шығармашылық іс-әрекет) | | **«Алысқа лақтыр» ойыны.**<br>**Міндеті:** қапшықты нысанаға лақтыру икемділігін дамыту.<br>(физикалық белсенділікті дамыту) | **“Қайсысы артық” дид. ойыны.**<br>**Ойын шарты:** Үстел үстінде әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен артық киімдерді табу керек.<br>(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік іс-әрекет) | **“Не артық” дид. ойыны.**<br>**Міндеті:** Қысқы ойынға жатпайтын ойын құралын табу.<br>(сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс-әрекет) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиеті**<br>«Қар жамылған ағаштар» ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:** Заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: қар | | **Математика негіздері**<br>«Фигураларды салыстыр» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>Сөздік қоры: дөңгелек, төртбұрыш<br><br>4 жас | **Дене шынықтыру** (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қар добы» ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:**<br>«Қанша» сұрағына | **Музыка**<br>«Ғажайыптар әлемі» ойыны.<br><br>3 жас<br>**Міндеті:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам- |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 жас<br>**Міндеті:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен, заттардың орналасқан жерін, мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.Тілдің грамматикалық құрылымы.<br><br>Сөздік қоры: қар<br><br>**Математика негіздері**<br>«Сынарын тап» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.<br><br>Сөздік қоры: бір, екі, үш<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br><br>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес | | **Міндеті:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br><br>Сөздік қоры: дөңгелек, төртбұрыш<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі**<br>«Қыстың қызығы» ертегісі<br>3 жас<br>**Міндеті:** Таныс ертегілерді өздігінен айтуға баулу.<br><br>Сөздік қоры: шаңғы<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу.<br><br>Сөздік қоры: шаңғы | жауап беру.<br><br>Сөздік қоры: біреу, екеу, үшеу<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** сұрақтарға жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br><br>Сөздік қоры: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>«Суреттер сөйлейді» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Зат есімдерді жекеше түрде.<br><br>Сөздік қоры: аяз,қырау<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс колдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, қолдана | баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br><br>Сөздік қоры:ән, музыка<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам),жоғары дыбыстарды ажырату<br>Сөздік қоры: ән,музыка<br><br>**Математика негіздері**<br>«Біздің топта» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: биік, үлкен<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Қуыршақты киіндіреміз» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Сөздік қоры: тазалық<br>4 жас<br>**Міндеті:**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және оны мен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: тазалық | | | білуге үйрету.<br>Сөздік қоры: аяз,қырау | жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>Сөздік қоры: биік, үлкен, ұзын<br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>Құстар неге сөйлей алмайды? дид.ойын<br>3 жас<br>**Міндеті:** балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры:құстар<br>4 жас<br>**Міндеті:** мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру<br>Сөздік қоры:құстар |
| Серуенге дайындық №1 | Серуен №19. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті) | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен №1 | **Кешен №19**<br>**Өсімдіктерді бақылау**<br>**Міндеті:** Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру;<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Жолды қардан тазалау.<br>**Міндеті:** Бірлесіп жұмыс істеуге, ортақ күш-жігермен мақсатқа жетуге үйрету.аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** "Қояндар мен қасқырлар".<br>**Міндеті:** Бір-біріне соқтығыспай жүгіруге үйрету. | | **Кешен № 19**<br>**Жолдың жүріс бөлігін қадағалау**<br>**Міндеті:** Жолдың жүріс бөлігімен — автомобиль жолымен, жол қозғалысы ережелерімен таныстыру.<br>**Еңбек қызметі**<br>Қарлы гүлзардың құрылысы.<br>**Міндеті:** Қарды күрекпен белгілі бір жерге апаруды үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>"Торғайлар мен көлік".<br>**Міндеті:** Жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін бекіту. | **Кешен №19**<br>**Қысқы орманға саяхат**<br>**Міндеті:** Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың тәуелділігі туралы білімдерін қалыптастыру;<br>**Еңбек қызметі**<br>Кемірgіштерден қорғану үшін діңдерін құраған қабығынан тазарту, инелерімен жабу.<br>**Міндеті:** Ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты ояту.<br>**Қимылды ойын:**<br>"Шыршаға кім тезірек жүгіреді?".<br>**Міндеті:** Жылдам жүгіру, қашып бара жатқан адамды ұстап алу, ойын барысында мұқият болу қабілеттерін бекіту. | **Кешен №19**<br>**Қыс мезгілінде жаяу жүргіншілер жолымен танысу**<br>**Міндеті:** Көшедегі тәртіп ережелері туралы түсінік қалыптастыру;<br>**Еңбек қызметі**<br>Күрекпен қар күреу, жолды тазарту.<br>**Міндеті:** Тапсырманы ортақ күш-жігермен орындауға қол жеткізуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>"Келесі кім?".<br>**Міндеті**: Бір-бірін ұстап тұрып жүгіруді, тәрбиешінің сигналдарын тыңдауды үйрету. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармышылық әрекеті) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, | № 19 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сауықтыру шаралары | реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.<br>Қызыл – жасыл гүлі бар,<br>Жұмсақтығы мамықтай.<br>Сүртінесің жалықпай,<br>Тазалықтың досы<br>Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою).<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Қысқы ормандағы қоян»<br>3жас<br>**Міндеті:** Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Сөздік қоры: ақ, көк, орман<br><br>4жас<br>**Міндеті:** Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау | | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Киіз үй.»<br>3 жас<br>**Міндеті:** дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауға үйрету.<br><br>Сөздік қоры: мкиіз үй<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржын мен | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Менің бөлмем»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау<br>Сөздік қоры: бөлме<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** ұрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Сөздік қоры: бөлме | **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Интелектуалдық ойындар («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)**<br><br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын: «Әуе шарлары»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануға үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөздік қоры: ақ, көк, орман, қоян** | | **таныстыру.**<br><br>**Сөздік қоры: киіз үй, кілем** | | **Сөздік қоры: шар**<br><br>**4 жас**<br>**Міндеті: Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).**<br><br>**Сөздік қоры: шар** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | | | | |
| | **3 жас**<br>**1.Абан Алтынай,**<br>**2.Жолдабек Жасмин,**<br>**3.Төлеген Ертуған,**<br>**4.Оразғали Батырхан,**<br>**5.Қожахмет Томирис**<br>**6. Тулеген Елдос**<br>**7.Нұғыман Мадияр**<br>**Д/ойын:**<br>**«Атын атап бер»**<br>**Міндеті: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.**<br>**(Жапсыру – шығармашылық қызмет** | | **4 жас**<br>**1.Базарбекова Дария**<br>**2.Ғабиден Дінмухаммед**<br>**3. Тарғын Айдана**<br>**4.Хамитов Мансұр**<br>**Д/ойын: Қуыршақ театры**<br>**"Менің қуыршағым" ертегі**<br>**Міндеті: Балаларға қуыршақ туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.**<br>**(көркем әдебиет – коммуникативтік қызмет)** | **4 жас**<br>**1.Балябин Максим,**<br>**2.Қожахмет Мейірхан,**<br>**3.Жолдабек Нұрислам**<br>**4.Касымбекова Азалия**<br>**Д/ойын:«Дыбысынан таны»**<br>**Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту.**<br>**(Музыка-шығармашылық қызмет)** | **4 жас**<br>**1.Айсина Адия,**<br>**2.Жақсылық Әлихан,**<br>**3.Касен Алиша,**<br>**Д/ойын: «Кімнің заттары?»**<br>**(Достарының заттарын анықтау)**<br>**Міндеті: Диалогтық сөйлеуді, есте сақтауды, ойлауды дамыту.**<br>**(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы** | Ойын: «Шар»<br>Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету.<br>Базарбекова Дария<br>Сағындық Нұрболат | | Ойын: «Ғажайып қыс»<br>Мақсаты: Суреттегі дұрыс атап, тілдерін , зейіндерін дамыту.<br>Базарбекова Дария<br>Сағындық Нұрболат | Ойын: «Кел, билейік балақай»<br>Мақсаты: Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, сөздік қорын дамыту.<br>Базарбекова Дария<br>Сағындық Нұрболат | «Доппен ойнау»<br>Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту<br>Базарбекова Дария<br>Сағындық Нұрболат |
| **Кешкі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.<br>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.<br>Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас<br>Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)<br>Жуын, жуын, жуынсақ,<br>Қандай жақсы, қуыршақ!<br>Әйтпегенде, бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің.<br>Қазір аппақ баласың,<br>Қуанады анашың.<br>Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет! | | | | |
| **№ 2 серуенге дайындық** | Серуен №19. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| **№ 2 серуен** | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>**Қимылды ойын:**<br>"Келесі қарды кім лақтырады?".<br>**Міндеті:** бір ортақ пәнмен бірдей әрекеттерді талап ететін ойында кезектілік ережелерін үйрету<br>Сөздік қоры: қар, абайла | | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>**Қимылды ойын:**<br>"Өз ағашыңды тап".<br>**Міндеті:**<br>балаларды бір-біріне соқтығыспай жеңіл жүгіруге үйрету;<br>кеңістікте шарлау;<br>Сөздік қоры: көмектес, итерме | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>**Қимылды ойын:**<br>«Көлеңке»<br>**Міндеті:** балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту<br>Сөздік қоры: көлеңке | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>**Қимылды ойын:**<br>"Шанамен сырғанау".<br>**Міндеті**: әр түрлі бағытта жүгіруге, кеңістікте бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>Сөздік қоры: шана, асықпа, абайла |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Балалардың үйлеріне қайтуы | Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.<br>Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар! |

**Тексерілді:** 19.01.25 **Әдіскер:** Капасова А.С.

кеңес берілді

Scanned with CamScanner